

М.С. КАДИРОВА¹✉, А.Ш. ЮСУПОВА²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты
(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: mali_ks@mail.ru

²филология ғылымдарының докторы, профессор

Қазан Федералды университеті

(РФ, Татарстан Республикасы, Қазан қ.), e-mail: alyusupova@yandex.ru

ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ КИРИЛЛ ГРАФИКАСЫМЕН ЖАЗЫЛҒАН ҚАЗАҚ СӨЗДІГІНДЕГІ ЛЕКСЕМАЛАРДЫҢ КӨПМАҒЫНАЛЫҒЫ

Андатпа. Қазіргі түркітану ғылымында әртүрлі графикалық жүйелермен: руна жазуы, ұйғыр, араб, латын, кирилл графикасымен жазылған түркі жазба мұраларының тілін зерттеу өзекті мәселе болып табылады. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында кирилл графикасымен жазылған қазақ жазба мұралары бұл контексте бүгінгі күнге дейін жеткілікті зерттелмеген.

Мақалада түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының ХІХ–ХХ ғасырлар шегінде кирилл графикасына көшуі сөз болады. Осы кезеңде П.М. Мелиоранский, Н.И. Ильминский, М.А. Терентьев, В.В. Катаринский, Л.З. Будаговтың және т.б. кирилл графикасымен жазған қазақша әліппелері, оқулықтары, сөздіктері жарық көрді. Сол кезеңдегі қазақ ағартушылары: Ы. Алтынсарин, Т. Бокин, Ж. Көшербаев, М. Машанов және т.б. кирилл графикасын белсенді түрде қолдана бастады.

Кирилл әліпбиімен жазылған еңбектер ішінде екітілді сөздіктер ерекше орын алады. Бұл сөздіктер қазақ халқының белгілі бір тарихи дәуіріне тән әлем бейнесін танытуымен, лингвистикалық, этномәдени ақпарат тасымалдауымен құнды.

Мақала осындай сөздіктердің бірі – 1897 жылы Орынборда Б.А. Бреслин баспаханасында жарық көрген «Киргизско-русский словарь» жазба мұрасына арналған. Сөздіктің авторы көрсетілмеген, алайда ол Н.И. Ильминскийдің «Материалы къ изученію киргизскаго нарѣчія» (Қазан, 1861) сөздігі негізінде қазақ зиялыларының қатысуымен толықтырылып, өңделіп, құрастырылған.

Мақалада аталған сөздіктегі көпмағыналы сөздердің семантикасы талданады. Көпмағыналық ұғымы аясында көпмағыналықтың реңктері ашылады, лексика-семантикалық нұсқалары анықталады, олардың арасындағы ортақ байланыс көрсетіледі, сонымен қатар сөздікте берілген көпмағыналы сөздер мен қазіргі қазақ тілінің лексемалары арасындағы мағыналық сабақтастық айқындалады.

Кілт сөздер: жазба мұралар, графика, кирилл графикасы, сөздік, көпмағыналық, семантика, мағына сабақтастығы.

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Кадирова М.С., Юсупова А.Ш. ХІХ ғасырдағы кирилл графикасымен жазылған қазақ сөздігіндегі лексемалардың көпмағыналығы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №1 (127). – Б. 120–131. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.10>

*Cite us correctly:

Kadirova M.S., Iusupova A.Sh. XIX gasyrdagy kirill grafikasy men jazylgan qazaq sozdigindegi leksemalardyn kopmagynalygy [The Polysemous Lexemes in the Kazakh Dictionary Written in Cyrillic of the XIX Century] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2023. – №1 (127). – B. 120–131. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.10>

M.S. Kadirova¹, A.Sh. Yusupova²¹*PhD Doctoral Student of L.N. Gumilyov Eurasian National University
(Kazakhstan, Astana), e-mail: mali_ks@mail.ru*²*Doctor of Philological Sciences, Professor
Kazan Federal University**(Russian Federation, Republic of Tatarstan, Kazan), e-mail: alyusupova@yandex.ru***The Polysemous Lexemes in the Kazakh Dictionary Written in Cyrillic of the XIX Century**

Abstract. In modern Turkological science, it is relevant to study the language of Turkic written legacies written by various graphic systems as Runic, Uighur, Arabic, Latin, Cyrillic. In this context, Kazakh legacies written in Cyrillic at the end of the XIX – early XX century have not been sufficiently studied to date.

The article examines how the Turkic peoples, including Kazakhs, adopted Cyrillic script around the turn of the nineteenth and twentieth centuries, when the first Cyrillic Kazakh ABC books, self-help books, dictionaries, and other landmarks were published by P.M. Melioransky, N.I. Ilminsky, M.A. Terentyev, V.V. Katarinsky, L. Budagov, and others. I. Altynsarin, A. Baitursynov, T. Bokin, Zh. Kuserbayev, M. Mashanov, and others were among the Kazakh intellectuals who actively started using the Cyrillic alphabet at that time as the enlighteners of the nation.

Among Cyrillic publications bilingual dictionaries held a unique position, providing a glimpse into the Kazakhs' way of life during a particular historical period. Due to the fact that they contained both linguistic and ethno-cultural knowledge.

The article is devoted to one such dictionary, in particular the «Kyrgyz-Russian Dictionary», which was released in 1897 in Orenburg by B.A. Breslin's publishing company. The unnamed dictionary was created using N.I. Ilminsky's dictionary, «Materials for the study of the Kyrgyz dialect» (Kazan, 1861) that was expanded upon and amended with the help of the Kazakh intellectuals.

The article examines the polysemy of these dictionary's words. The polysemous meanings of this dictionary are exposed, together with their lexical and semantic variations, on the basis of the notions of polysemy. This also reveals the continuity of this dictionary polysemous meanings with the lexemes of the contemporary Kazakh language.

Keywords: written legacies, Cyrillic alphabet, graphic, dictionary, polysemy of words, semantics, continuity of meanings.

М.С. Кадирова¹, А.Ш. Юсупова²¹*PhD докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева
(Казakhstan, г. Астана), e-mail: mali_ks@mail.ru*²*доктор филологических наук, профессор
Казанский Федеральный университет**(РФ, Республика Татарстан, г. Казань), e-mail: alyusupova@yandex.ru***Многозначность лексем в казахском кириллическом словаре XIX века**

Анотация. В современной тюркологической науке актуальным являются исследования языка тюркских письменных наследий, написанных различными графическими системами: рунической, уйгурской, арабской, латинской, кириллической. В данном контексте казахское письменное наследие, написанное кириллицей в конце XIX начала XX века, до настоящего времени недостаточно изучено.

В статье рассматривается переход тюркских народов, в том числе казахов, на кириллическую графику на рубеже XIX–XX веков, когда появились первые кириллические казахские буквари, самоучители, словари, написанные П.М. Мелиоранским, Н.И. Ильминским, М.А. Терентьевым, В.В. Катаринским, Л.З. Будаговым и другими. Казахская интеллигенция: И. Алтынсарин, Т. Бокин, Ж. Кушербаев, М. Машанов и другие как просветители того времени, также стали активно использовать кириллицу.

Среди кириллоязычных публикаций особое место занимали двуязычные словари, запечатлевшие картину мира казахов определенной исторической эпохи. В них, с одной стороны, были зафиксированы лингвистические знания, с другой, этнокультурные. Статья посвящена одному из таких словарей, в частности «Киргизско-русскому словарю», изданного в Оренбурге, типографии Б.А. Бреслина, в 1897 году. Словарь безымянный, но он составлен на базе словаря Н.И. Ильминского «Материалы къ изученію киргизскаго нарѣчія» (Казань, 1861), дополнен и переработан с участием казахской интеллигенции.

В статье анализируется семантика многозначных слов данного словаря. На базе понятий многозначности раскрываются смысловые оттенки многозначности, его лексико-семантические варианты, устанавливается их общая связь между собой, а также раскрываются преемственность многозначных значений данного словаря с лексемами современного казахского языка.

Ключевые слова: письменное наследие, графика, кириллическая графика, словарь, семантика, многозначность слов, преемственность значений.

Кіріспе

Түркі халықтарының тұрмысын, мәдениетін, рухани болмысын, тарихын, тілін бейнелейтін түркі жазба мұралары әртүрлі графикамен (руна, ұйғыр, араб, латын, кирилл) жазылған. Олардың ішінде бірнеше ғасырлар бойы қолданылғаны – араб графикасы.

Араб графикасына негізделген жазуды қазақ мәдениеті IX–X ғасырлардан бастап, ұйғыр жазуынан кейін XX ғасырдың басына дейін қолданды. XX ғасырдың басында араб тіліне деген қызығушылық бәсеңдей бастайды. Себебі, ол ислам тілі, медресе және діни догмалар тілі ретінде оқу-ағартушылық бағыттан алшақ болды. Сондықтан араб графикасын реформалау мәселесі туындады, түркі, оның ішінде қазақ зиялылары өз халқын сауаттандыру мақсатында басқа графикалық жүйелерді ойлап табуға тырысты [1, 172-б.].

Осы тұрғыда жаңа графикалық жүйелер: «төте жазу» (А. Байтұрсынов, т.б.), «жаңа әліппе» (Н. Төреқұлов, т.б.), «кирилл графикасы» (Ы. Алтынсарин, т.б.) пайда болды.

Кирилл әліпбиінде жазылған қазақ жазба мұраларын орыс ғалымдары: Н.И. Ильминский, М.А. Терентьев, П.М. Мелиоранский, В.В. Катаринский, Н. Сазонтов, Г.В. Архангельский, Н.Н. Пантусов, В.В. Григорьев, Н. Лаптев, Е.А. Алекторов, т.б. құрастырған. Қазақ зиялылары арасында кирилл графикасын қолданып, әліпби, оқулықтар, сөздіктер жаза бастаған ағартушылар да болды. Ы. Алтынсарин, Е. Букин, Н.С. Жетпісбаев, Ж. Көшербаев, М.А. Машанов, т.б. осы бағытта еңбек етті.

Көпмағыналық мәселесі А.И. Смирницкий, В.А. Белошапкова, А.А. Зализняк, С.О. Карцевский сынды ғалымдардың еңбектері бойынша қаралды. Лингвистикалық түркітануда көпмағыналықтың кейбір аспектілерін қарастырған К. Мусаев, М. Оразов, Г. Калиев, Н. Шаймердинова, А. Болғанбаев, С. Бизаков еңбектері пайдаланылды.

Зерттеудің негізгі материалы – 1897 жылы Орынборда, Б. Бреслин типографиясында басылған «Киргизско-русский словарь» жазба мұрасы. Еңбектің жылы мен баспасына айрықша тоқталып отырған себебіміз: сөздіктің аталған баспадан 1903 жылы жарық көрген екінші басылымы бар. Сөздіктің түпнұсқасымен Қазан қаласындағы (Татарстан Республикасы) Л. Лобачевский атындағы ғылыми кітапхананың «Сирек қолжазбалар»

бөлімінде (№В-91738) жұмыс істеп, көшірмесін алуға мүмкіндік туды. Бұл мұраның тілдік ерекшеліктерін зерделеуге мүмкіндік берері анық.

«Киргизско-русский словарь» (1897) еңбегі туралы орыс ғалымы А.А. Гаджиева «Анализ системы вокализма и консонантизма в первых кириллических книгах на казахском языке» тақырыбындағы мақаласында сол кезеңде пайда болған зерттеулерге жүйелі талдау жасай келе, сөздердің фонетикалық ерекшеліктеріне тоқталған. Ғалым жүргізілген далалық зерттеулер нәтижесіне сүйене отырып, сөздік қордың говор мен диалектісіндегі сингармонизм жүйесіне талдау жасайды. Отандық ғалым, профессор Н.Г. Шаймердинова «Многочисленность лексем в кириллическом «Киргизско-русском словаре» (1897 г.) и в современном литературном казахском языке» мақаласында сөздіктің этномәдени және тілдік ерекшеліктерін ашып көрсетеді [1]. Ғалым мұраның құрылымдық ерекшелігі мен лексемалардың тақырыптық жіктеліміне тоқталады. Ұсынылып отырған мақаламызда көпмағыналы ұғымның теориялық аспектісі қарастырылып, мұра тіліндегі мағынаның тарылуы не кеңеюі қазіргі қазақ тілімен салыстырыла зерттелді. Сөздіктің екінші өңделген нұсқасы жайлы мағлұмат беріледі.

Зерттеу әдістері

Мақаланың теориялық аспектілерін негіздеу үшін отандық және шет елдік ғалымдардың лексикалық семантика және полисемия бойынша зерттеулері алынды. «Киргизско-русский словарь» жазба мұрасындағы көпмағыналы сөздерді зерттеуде жалпы ғылыми әдістер және сипаттау, топтастыру, жалпылау тәсілдері қолданылды. Сөздік лексемаларының көпмағыналығын анықтау үшін қазіргі қазақ тілінің лексемаларымен салыстырмалы-семантикалық талдау әдісі қолданылады.

Талдау мен нәтижелер

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында кирилл графикасымен жазылған көптеген оқулықтар, әліпбилер, хрестоматиялар, екітілді сөздіктер пайда болды. Олар: 1) Н.И. Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия». – Казань, 1861; 2) А.Е. Алекторовтың «К мудрости ступенька, Азбука для учеников начальных русско киргизских школ». – Москва, 1891; 3) А.Е. Алекторовтың «Киргизская хрестоматия». – Оренбург, 1898; 4) Ы. Алтынсариннің «Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку». – Оренбург, 1871; 5) Ы.Алтынсариннің «Жазуға үйрететін кенеге». – Казан, 1892; 6) Л.З. Будагов «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий». – СПб, 1869–1871; 7) И. Букин «Русско-киргизский и киргизско-русский словарь». – Ташкент, 1883, т.б. [2, 60-б.].

Бұл басылымдардың ішінде екітілді сөздіктер маңызды орын алады. Мұндай сөздіктердің бірқатары түсіндірмелік сипатта ұсынылған. Әсіресе Н.И. Ильминский, В.В. Радлов, Л.З. Будаговтардың сөздіктерінде қазақша сөздердің түсіндірмесі не лингвистикалық, не этномәдени сипатта берілген.

Мақалада кирилл графикасымен жазылған осындай сөздіктердің біріне, «Киргизско-русский словарь»*, сөздігіне тоқталғымыз келеді. Сөздік 1897 жылы Орынборда Типо-литография Б.А.Бреслин баспаханасында басылып шыққан.


Қазіргі уақытта сөздіктің екі басылымы бар: біріншісі – жоғарыда аталып өткені, екіншісі – алғашқы басылымдағы кейбір кемшіліктер түзетіліп, жаңа сөздермен толықтырылған, 1903 жылы Орынбор қаласында шыққан басылым.

Сөздіктің авторы көрсетілмеген, алайда сөздіктің жасалуына Н. Ильминский жазған «Материалы къ изучению киргизскаго нарѣчія» Қазан, 1861 еңбегі негіз болған. Сөздік

*Ескерту: болашақта ыңғайлы болу үшін «Киргизско-русский словарь» сөздігі. – Оренбургъ. Типо-литография Б.А. Бреслина, 1897 «сөздік» ретінде белгіленеді.

«Материалы къ изученію киргизскаго нарѣчія» еңбегіне карағанда мүлдем басқа тәртіпте, яғни сол кездегі орыс алфавитінің тәртібінде құрастырылған. Бірақ бұл басылым Н. Ильминский қайтыс болғаннан кейін жарық көрді.

Сөздіктің алғашқы бетінде оны толықтырып, өндеген қырғыз мұғалімдері (әрине, «қырғыз» деп отырғаны қазақ): Бахтыгереев, Балғымбаев, Бейсенов, Сарыбатыров, Джумалиев туралы (1-сурет) жазылған.



1-сурет – «Сөздіктің» ақпараттық беті [4]

Бұл сөздік – белгілі бір тарихи дәуірдегі түркі тілдері білімінің және XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басындағы лексикография дамуының айқын көрсеткіші. Сөздік, бір жағынан, тілдік ұғымдар мен мағыналарды ашса, екінші жағынан, қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрін сипаттайды [3, 77-б.].

Сөздіктегі кейбір сөздерде таңбалық, фонетикалық және семантикалық айырмашылықтар байқалады. Мысалы: Сөздікте – *бу́круй* [4, 50-б.] қазіргі таңбалануда – бүкірею, *бу́лдүргөн/земляника* [4, 50-б.] қазірше – бүлдірген, ал сөздіктегі *жауун* [4, 74-б.] сөзі қазіргі нұсқада жауын деп жазылады. Ал пайда сөзі – *байда* [4, 31-б.], пейіл – *бейил* [4, 40-б.], – деген нұсқада берілген, елу саны – *елуу*, жәдігей сөзі – *жәдү гөй* [4, 65-б.], қазіргі қолданыстағы жария сөзі сөздікте – *жәріә* [4, 72-б.], ал гауһар сөзі – *жаукар* [4, 74-б.], – деп таңбаланған.

Сөздіктегі берілген лексемалардың негізгі бөлігін көпмағыналы сөздер құрайды. Лексемалардың көпмағыналығы тарихи семантиканың, тілдің өзінің және қоғамның тарихи дамуына байланысты орбитіні белгілі.

Сол себепті мақалада сөздіктегі кейбір көпмағыналы сөздерді қарастыра отырып, мұндағы лексемалардың мағыналық түрленулері және олардың қазіргі қазақ тілінің лексемаларымен сабақтастығы туралы сөз етеміз.

«Көпмағыналық» ұғымына тоқталар болсақ, әр ғалым бұл ұғымды өзінше түсіндіреді.

В.А. Белошапкованың еңбегінде «Көпмағыналық – сөздің бір уақытта бірнеше мағынаға ие болу (бір-бірімен байланысты бірнеше лексика-семантикалық варианттарды ашу) мағыналық қасиеті» [5, 196-б.], – деп көрсетіледі. А.А. Зализняк көпмағыналыққа «Термин многозначность указывает просто на существование у некоторой единицы более одного значения» [6, 20-б.], – деген анықтама береді. Ал К. Аханов өзінің «Тіл білімінің

негіздері» оқулығында көпмағыналық терминін полисемия терминінің синонимі ретінде қарастырып: «әртүрлі мағынасы бар сөз полисемантизмді (көпмағыналы) сөз деп аталады» [7, 96-б.], – деген анықтама береді.

Тілдің даму барысында көпмағыналы сөздің мағыналарының арасындағы семантикалық байланыс үзіліп, олардағы ортақ реңк жоғалса, екі формалары ұқсас, мағыналары әртүрлі сөздер – «омонимдер» пайда болады. Яғни, дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары басқа-басқа сөздер *омонимдер* деп аталады. Омоним – грек тілінің *homos-* бірдей, *опута-есім* деген сөздерінен жасалған термин [8, 675-б.].

Аталған сөздіктегі және заманауи сөздіктердегі сөз мағыналарын салыстыруда байқағанымыз: сөздің бұрынғы мағынасының үстіне тағы бірнеше қосымша мағыналар қосылып, олар көпмағыналы, ауыспалы мағыналы, омонимдер және т.б. болып түрленген. Аталмыш сөздіктен бірнеше мысал қарастырайық:

Ал взять; получить купить (саты бал). Кыз ал, ұй ал жениться, биреудің уйкусын, мазасын, тынышын ал отнять у кого сонъ, доброе расположение духа, спокойствие; жан ал взять присягу; бас ал обезглавить. Каршыга ұйрөк алады ястребъ ловить утокъ. – Глаголь вспомогательный. – Ну, (понуkanie, а иногда заключительное междометие) [4, 12-б.].

Сөздікте *ал* лексемасы: бір затты қолмен ұстау, иемдену; үйлену; мазалау, ұйқыны алу, тыныштықты алу; жан алу; ант алу; бас алу деген мағыналарда және одағай мәнінде ұсынылған. Сөз қазақ тілінің сөздіктерінде келесідей мағыналарда ұсынылған. **Ал I** сын. Түстің қанықтығын білдіретін, дербес қолданылмайтын көмекші сөз [9, 309-б.]. *Ал* сөзі қазіргі кейбір түркі, және кейбір көне түркі жазуларында *ашық* қызыл деген мағынада жұмсалады (Малов. Пам. др. Письм., 356). Парысша *ал* сөзі «солғын қызыл» мағынасында жұмсалады. Тіліміздегі алмұрт, алқор, алма, алша, алкүрең, алқара деген сөздердің құрамындағы *ал* компонентті сөз болып отырған *ал* сөзімен байланысты болу керек [10, 34-б.]. **Ал II** сын. Көне. Өтірік, жалған, алдамшы (алдау сөзінің түбірі). Бұл жақтан өзгелер түгіл, туған бауырым – сенен де жақын дос таптым! – деп еді Шоқан туралы. Бұл – «ал тілі емес, жан сыры (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). **Ал III** шыл. Салыстырмалы қарсылықты мағына беретін сөз. Талайды көрдім, Ықпадым. Көңлін елдің жықпадым. «Ет жеме» дейді, ал, емшім, Онысы қалай ұқпадым (Қ. Мырза-Әлі, Шырғалаң) **Ал IV** ал иіндік көне Иықтан саусаққа дейінгі тұтас қол. Жазында көп-ақ жортқан екенбіз, Арғымақтың талдай мойнын талдырып, Үйде қалған арудың Ал иіндігін аудырып (Доспанбет жырау//Алдаспан). Сөйлемдегі *ал* иіндік тіркесі бұл күнде қолданылмайтын Ел/ал/елк/еліг деген сөздің ертеде және өзге түркі тілдерінде «қол» деген мағынаны білдіреді. Иін/иіндік сөздері «иық» деп түсіндіріледі. Сірә, ал иіндік / ел иіндік тіркесі «иықтан саусаққа дейінгі тұтас қол» деген жиынтық атау болса керек [9,309-310 -бб.]. **Ал V** одағай. 1. Қанекей, қане, айда. *Ал*, көңілім, желден озып серпіл енді (Қаз. өндері). 2. Біреудің назарын өзіне аудару үшін айтылады. *Ал*, Шоқан сен енді кадет корпусының оқушысы боласың (С. Бегалин). 3. Бір оқиганың жалғасын, әрі қарай қалай дамығанан білу үшін қолданылады. Мысалы: *Ал енді – бұдан былай, мұнан соң* [11, 36-б.]. **Ал ет.** 1. Қолға ұстау, көтеру. Аршадан кертіп жонып, тиек салдым, Ызаны тарқатуға домбыра алдым (С.Сейфуллин, Өлеңд.). 2. Бір нәрсеге ие болу, тәуелдеу, меншіктеу. 3. Пайда түсіру, кіріс кіргізу. 4. Жинау, теру. 5. Үйлену, жұбайлы болу, отбасын құру. Жасаулы деп, малды деп, байдан *алма*, Кедей қызын арзан деп құмарланба (Абай, Тол. жин.) [9, 310-б.]. Көріп отырғанымыздай, *ал* лексемасы, сөздікте және заманауи сөздікте біріншіден, сол мағынада сақталып, екіншіден, заманауи сөздіктерде мағынасы жағынан біршама кеңейтіліп, ұсынылған.

Алка – серьга: мен ргайга салганда тусума кыздар толду кос алкалы когда я пгль мотивомъ «ргай», то вокругъ меня толпились дъвушки съ двойными серьгами; Алка люди расположившіеся кругомъ [4, 14-б.]. Сөздікте *алқа* сөзі қыздар құлағына тағатын сырға және айналада орналасқан адамдар деген екі мағынасы берілген.

Р. Сыздықова «Сөздер сөйлейді» еңбегінде «Алқа – арабтың «халқа», яғни дөңгелек деген сөзі, одан барып «адамдар тобы» деген ауыспалы мағынада қолданылған» - деп көрсетеді. Қазақ тіліндегі алқа құру, алқалау және алқа-қотан сөздері осы мағынадағы алқа сөзімен сабақтас. Қазақ арасында ақылдасу, кеңесу үшін алқа-қотан отыру, яғни айнала дөңгелек құрып отыру дәстүрі болған. Уақыт өте келе діни рәсімдерге қатысты алқа құру дәстүрі жойылғанымен, «айнала отырып, дөңгелек құрып» немесе «бір затты айнала қоршау» деген мәнде алқалау етістігі қолданылатын болған. Бұдан барып алқалау сөзі «бас қосу, топ болып отырып ақылдасу үшін жиналу, кеңесу» деген ауыспалы мағынаға ие болғаны байқалады [12, 39-б]. Ал қазіргі қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде бұл сөздің мағынасы кеңейтіліп ұсынылған: **Алқа I** Бір я көпжылдық шөптесін немесе шала бұта өсімдіктер туысының жалпы атауы. **Алқа II** Қыз-келіншектердің мойнына сәндік үшін тағатын әшекей. **Алқа III** Әкімшілік, мәжілістік ұйымды, мекемені басқаруға ресми бекітілген адамдар тобы. **Алқа IV** Алғыс айту, бата беру, разы болу [11, 41-б.]. Сөздікте берілген екінші (II) мағына «айналада орналасқан адамдар тобы» заманауи сөздіктегі (III) көпмағыналы сөздің лексика-семантикалық вариантына жуық келеді. Сөздікте *алқа* лексемасы сырға бұйымы ретінде беріледі. Башқұрт және татар тілінде алқа – сырға. В.В.Радлов бұл сөзді сырға, моншак деп түсіндіреді [10, 33–34-бб.]. Ал, қазіргі қазақ тілінде алқа (II) мойынға тағатын әшекей ретінде белгілі. Мойынға тағатын жібек жіп, күміс шынжыр. Алтыннан *алқасы* бар тоқсан батпан, Шынжырмен төс үстіне тартып шатқан. Шіреніп ат үстінде ақырайып, Рүстемге көзін тігіп, шатынатқан (Т. Ізтілеуов, Рүстем) [9, 418-б]. Берілген сөздің қалған екі мағынасы (I, IV) сөздікте көрсетілмеген.

Айыр – отдѣлить, разлучить, лишиться, лишитъ чего; развестись съ женой, разстаться съ кѣмъ или чѣмъ либо; раздѣльный, развилостый вилы, двугорбый верблюдь (айыр түйө); разорвать, кийимди айырма не рви одежды; различать: сенинг атынгнын кайсысы екенин айыралмай турмун не могу различить, которая твоя лошадь [4, 10-б.].

Сөздіктегі айыр лексемасына ортақ мағына – белгілі бір заттың бөлінуі, екіге не одан көп бөлікке ажырау болып табылады. Мұнда берілген сөздердің әрқайсысында етістіктер бір-бірімен семантикалық байланысқан: 1) бір нәрсені ажырату, бөлу, бір заттан айырылып қалу, айыру; 2) ажырасу, айырылу; 3) айырып алу, тану (жылқыны танып айыру) және сын есім мағынасында қос тармақты (жол), қос өркешті (түйе), ашалы айыр мағыналарында ұсынылған.

Қазіргі қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде бұл сөз мынадай мағыналарға ие: **Айыр I** Шөп, сабан жинауға арналған құрал. Айыр, ең әуелі, ашалана біткен ағаштан жасалып, кейін темір айырға ауысқан, сол себепті кейде «айырағаш» деп аталады. Айырдың ұшымен шаншылып түскен баулар екпінімен комбайнның өңешіне барып жоғалып жатты (С. Ерубасев, Шығ.); **Айыр II** зат. түйешар. Таза қанды айырдан немесе айыр мен қоспақтың арасынан туған қос өркешті түйе тұқымы. Айырдан туған жампоз бар, Нарға жүгін салғысыз. Аруанадан туған мая бар, Асылын айуан десең нанғысыз (Махамбет, Шығ.). **III Айыр** зат. өсімдік. Шаянот тұқымдасына жататын тамыр сабағынан эфир майы алынатын көпжылдық шөптесін өсімдік; иіртамыр. Айырдың тамыр сабағында эфир майы алколоид, аскорбин қышқылы бар (Қаз. тілі термин. Тамақ.). Халық медицинасында айырдың тамыр сабағын ас қорыту және асқазан ауруларын емдеу үшін қолданады (ҚҰЭ). **Айыр IV** сын. Қос тармақты, екі ашалы, екіге жарылған. Жайлауға шыққанда ат байлайтын *айыр* бұтақты ашаларын ала келеді де, үй сыртындағы жырағырақ жерге қадап қояды (С. Мұқанов, Есею жыл.) [9, 193-б.]; **Айыр V** 1. Бүтін нәрсені екіге бөлу, жару. Тұңғатар өте қарулы да күшті жігіт еді. Арамен кесілген шөркені балтамен шауып қалғанда екі *айырды* (Б. Соқпақбаев, Менің атым.) [9, 194-б.]. 2. Киімді, қағазды қалаған жерінен ұстап жырту. 3. Түрлі тәсілдер арқылы бір заттың бойынан басқадай бір затты бөліп, шығару, алу. 4. Адамдар арасындағы қарым-қатынастың бұзылуы. 5. Бөліп жіберу, ажырату. 6. Құр қалдыру, бермей қою. 7. Ара түсіп алып қалу, құтқару. 8. Танып білу, анықтау, айқындау. 9. Күн көріп үнем қылу [11, 28-б.].

Берілген көпмағыналы сөз қазіргі таңда үшінші (III) зат. көпжылдық шөптесін өсімдік мағынасынмен толыққан. Сөздікте көрсетілген өзге мағыналар қазіргі сөздіктегі мағыналарына сәйкес келетінін байқаймыз. Сөз сөздіктегі алғашқы мағынасын сақтай отырып, қазіргі қазақ тілінде мағынасы жағынан кеңейіп, жаңа ұғымға ие болғанын байқаймыз.

Арыс – *оглобля, арыстай жатты легъ растянувшись какъ оглобля (умерший); отдѣленіе рода и вообще всякое подраздѣленіе племень, сегиз арыс батак отдѣленіе (байбактинского рода) Батакъ, состоящее изъ восьми подѣотдѣлений* [4, 19-б.]. Арыс сөзі сөздікте – арбаның жетегі; ру, тайпа бірлестігі мағынасында ұсынылған.

Қазіргі қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде бұл сөз бірнеше мағынада ұсынылған. **Арыс I** зат. Арба-шананың көлік жетегін қос жетегі, тәртесі. **Арыс II** зат. Ер адам, азамат. Ол алыстағы арысының әрбір сапарын көз алдынан өткізіп, көңілімен шолып отырды (С. Байжанов, Сыр). **Арыс III** зат. көне. 1. Рулық жүйеде бір тайпаны құрайтын аталар. Бас қосылса арысқа, Кім шабады намысқа (Абай, Тол. жин.). **Арыс IV** бот. Қарабидай. Мысалы, біздің «Рассвет» колхозында төрт жүз гектардай ғана егістік жер бар. Оның өзі де арыс, арпа, зығыр егіліп, бөлшектеліп тасталған (Х. Рахимов, Қарлығаш.) [9, 690-691-бб.]. **Арыс V** зат. 1. Үйдің төбесін жапқан өрімдерді көтеріп тұратын көлденең ағаш; бел ағаш. Арыс – қораның, там үйдің төбесін жапқан өрімдерді көтеріп тұратын көлденең мықты ағаш (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері) [9, 691-б.]. 2. Соғым етін сүрлейтін шошала үйлерге көлденең қойылатын сырғауыл, мықты жіңішке бөрене.

Байқағанымыздай, қазіргі қазақ тілі сөздігінде *арыс* сөзі семантикалық жағынан көпмағыналы және аталмыш лексемада біршама мағыналық трансформациялар орын алған. Сонымен қатар, қазіргі сөздіктерде бұл лексеманың ауыспалы «қадірменді ер азамат» мағынасы көрініс тапқан.

Бағдар *украшение на серебрѣ. Қара бағдар чернь. Бағдарлы съ узорами, узористый* [4, 29-б.]. Сөздікте *бағдар* сөзі – күміс әшекей оюы; өрнектелген. Қазіргі қазақ сөздігінде: **Бағдар I** 1. Бағыт, беталыс, алдын ала белгіленген жол. Олардың рацияға бара жатқан беті екен. Боранда адасып, бағдарынан жаңылып қалыпты (Т. Әлімқұлов, Ақбозат). 2. ауыс. Ағым, сарын. Асқар психологиялық бағдардағы жазушы ... (Қаз. әдеб.) [13, 539-б.]. **Бағдар II** Қандай да бір бағыттан адасып қалмау үшін жол сілтейтін белгі. Сол жарық жұлдыздардың ішінде де жолаушыға *бағдар* болатын, жол сілтейтін жұлдыздар бар (С. Мауленов, Жер нәрі). **Бағдар III** Әшекей бұйымдарға салынатын ою, өрнек. Мұқабаның қастары белбеудің қара *бағдары* сияқты, қап-қара (Х. Есенжанов, Ақ Жайық) [13, 540-б.]. Сөздіктегі *бағдар* лексемасы әшекейдегі ою-өрнек мағынасын білдірсе, қазіргі қазақ тілі сөздігінде, ою-өрнек мағынасын сақтай отырып, бағыт, беталыс және жол сілтейтін белгі мағыналарында берілген. Мұнда біз қазіргі қазақ тілінде сөздің семантикасы кеңірек екендігін аңғарамыз.

Жалған /өтүрұк (*жалған/өтірік*) – *ложь, ложный* [4, 68-б.]. Сөздікте аталмыш лексема жалған және өтірік деген мағынада ұсынылса, қазіргі қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде бұл ұғымның мағынасы былайша берілген: **Жалған I** Жарық дүние, өмір, тіршілік (Жалғанды жалпағынан басты – емін-еркін сайран салды, шалқыды) [11, 256-б.]. Жандым-күйдім, сені ойлап, дамыл көрмей, Еш жанға сенен басқа көңіл бермей, Сен – бір жақ, *жалған* – бір жақ, қатар қойып, Сені іздедім *жалғаннан* қолым сермей (М. Жұмабаев, Шығ.) [14, 644-б.]. **Жалған II** 1. Шын емес, алдамшы, өтірік. 2. Жай, жасанды. Жалған дүние – өткінші, опасыз ғұмыр. Жалған сөз – өтірік, бекер, бос сөз [11, 256-б.]. Өтірікті расқа шығарам деп *жалған* іске ант беріп жан кетеді (М. Дулатов, Шығ.) [14, 644-б.]. **Жалған III** Ұштасу, жалғасу, қосылу [11, 256-б.]. Үзілген шылбыр жалғанар, үзілген тізгін, әр нәрсе өз кезегінде екен (С. Бақбергенов, Кентау) [14, 647-б.]. Берілген лексема қазіргі қазақ тілінде сөздіктегі мағынасын сақтай отырып, мағына жағынан кеңейгендігін байқаймыз.

Шар – баллотировка; точило; слѣды животныхъ въ разныхъ направленіяхъ [4, 229-б.]. Қазіргі қазақ тілінде бұл лексема бірнеше мағынаға ие болған. **Шар I** 1. Өз диаметрімен айнарудан пайда болған геометриялық дене, геометриялық фигура. 2. Үрген қарын іспетті жеңіл домалақ зат. 3. **көне** Ертеде сайлау жүйесінде қазіргі бюллетень орнына қолданылған домалақ тас [11, 904-б.]. Ендігі сайлау болғанда, Түсе ме деп тағы шар, Бұл күніме бір күні Боламын ғой деймін зар (Абай, Тол. жин.) [15, 262-б.]. **Шар II** сын. жерг. Ашулы, ызалы. Мынауың бір іздегені төбелес, мінезі *шар* жігіт қой (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі) [15, 262-б.]. **Шар III** Қырманда үгітіліп, қауызынан ажыратылған, дәні сапырылып желге ұшырылмаған астық [11, 904-б.]. Біраз жел соқпай кідіртті ғой, әйтпегенде бұл астық біріне-бірі қосылмайтын еді, алдындағы *шарды* тездет (Ғ.Орманов, Жүрек). **Шар IV** зат. жерг. Шұбырған көп із, шиыр. Малдың осынша *шарынан* жирен айғырдың ізін Сәкеннің ажыратқанына сенбейтіндігін жасырып, түсінбейтіндігін айтып салған (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай). Ол қай жерде қырғауылдың *шары* барын үйде отырып біліп отырады (А. Тоқмағамбетов, Жыр.) [15, 262-б.]. **V** Тас, шағыл. **Шар VI** зат. *жерг.* Шарық, шарық қайрақ. Жігіт шарға су құйып, шөп машинасының орағын қайрауға кірісті (Б. Майлин, Шығ.) [15, 262-б.]. *Шар* лексемасының сөздіктегі мағыналары, қазіргі қазақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі баламамен жақын келеді. Берілген сөз сөздіктегі алғашқы мағынасын сақтай отырып, қазіргі қазақ тілінің сөздігінде мағынасы жағынан біршама кеңейіп, бірнеше ұғымды, соның ішінде геометриялық ұғымды да білдіретінін байқаймыз.

Кат замерзнуть; сдѣлаться твердымъ; ихсохнуть; засыхать, загрубѣть; смѣшать, примѣшать; подбавить; окрѣпнуть; письмо; нужда. Ана аулда туз кат екен въ томъ аулѣ большая нужда въ соли. Айак катты ноги замерзли. Кабыргасы катпаган ребры еще не окрѣпли (у ребенка; кауырсыны катпаган летательная перья еще не окрѣпли [4, 109-б.].

«Кат» сөзінің берілген мағыналары бір семантикалық өрісте жатып, мағыналық байланыста семантикалық парадигма құрап тұр. Қабат, қатпар мағынасындағы «қат» өзге қимыл мағыналарына негіз болып тұр. Әдетте, қабат, қатпарлар жуан, қалың болатыны белгілі. Қабаттың жуандық мағынасы II Қат – мұзға айналу, тону мағыналарына ауысады. Қатып, тоңған зат мұзға айналады, сұйықтық күйден арылады, бұл III Қат – кеберсу, құрғаумен уәжеліп, мағыналық байланысқа түседі. Ал, IV қат – сұйық тағамға сүт, айран, май қосып араластыру мағынасы қабаттау, қосу мағынасымен, сол сияқты бір заттың үстіне бір затты қосып қату мағынасымен сәйкес келеді. Жалпы алғанда қазіргі қазақ тіліндегі «қат» сөзіне тән ортақ мағына – «қатарластыру, қабаттау, қосу» болып шығады. Қазіргі қазақ әдеби тілінің сөздігінде мынадай мысалмен беріледі: Кебірсу, кебу, құрғап қалу. Әзірге көргенім: аласа төбелердің әр жерінде жауыр аттың арқасына *қатқан* ірің секілді сала-сала болып жатқан қордалар (Ә. Әбішев, Замана.) [16, 443-б.]. Тілдің бүгінгі көрінісіндегі «қат» сөзі мен сөздік тіліндегі «қат» тұлғасында айырмашылық онша байқалмайды.

Как – лужа отъ дождя или снѣга на гладкомъ мстѣ (такыр); постила, ударять; бить въ барабанъ, въ дверь; сильно встряхивать (кошму чтобы пыль выбить); взбрасывать ладонью бабки и ловить ихъ другой стороной руки въ игръ капкакыл; прибивать гвоздь, кол; задѣть кого [4, 99-б.].

Сөздікте *как* лексемасы көпмағыналы семалар мен омонимдік мағыналарды біріктіріп тұр. Қазіргі сөздіктерде бұл сөздің берілуі: **Қақ I** зат. Жауын-шашыннан соң тақыр жерге іркілген су. Шығыс жақ қызара бастаған елең-алаңда, тастақ жерге тұрған *қаққа* кеп тірелді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер) [16, 81-б.]. **Қақ II** Су қайнатқан ыдыстардың түбіне тұрып қалатын қатты зат, шөгінді, **Қақ III** Кептірілген жеміс. **Қақ IV** 1. Үшкір затты бір жерге ұрып кіргізу, сіңіру [11, 458-б.]. Мен қазық ұстадым. Ер ана оны өзінің қолымен жерге *қақты* (Ж.Молдағалиев, Тыңда.) [16, 82-б.]. 2. Бір затпен екінші нәрсені жайлап ұру, тықылдату. 3. Бір нәрсені саусақтың ұшымен іліп қағу. 4. Жабысқан затты қолмен ажырату, тазарту [11, 458-б.]. Әйтім кабинадан шығып, шаң басқан үсті-басын *қақты* да ішке кіріп кетті (Р. Райымқұлов, Жасыл белес) [16, 82-б.]. 5. Төсенішті я жамылғыны, затты шетінен

ұстап жерге ұру, сілкі, б. Ағашын қатты сілкіп, жемісін жерге түсіру. 7. Бір нәрсені қатты ұрып, жұлып түсіру. 8. Тік тұрған бір затты екпінменен келіп соғып кету. 9. **Ауысп.** Есебін тауып, біреуден бір нәрсені түсіру, олжалау // ұрлап кету, жымқыру [11, 458-б.]. Досыңның сүйген қызын біреу *қағып* әкетейін деп жатса, қалай күйінбейсің (С. Омаров, Өмір.) [16, 86-б.]. 10. **Ауысп.** Біреуді құралақан қалдыру. **Қақ V** Дәл, нақ, түп-тура (Қақ айырды, бөлді, жарды) – ортасынан тең бөлді, екіге жарды [11, 458-б.]. *Қақ* жарған қара қылды биің қайда? Ақ орда би түсетін үйің қайда? Салтанат Сарыарқада құрған қазақ, толықсып жүрген кеше күнің қайда? (М. Дулатов, Шығ.) [16, 82-б.]. Бұл лексемада мағына жағынан толығып, тіпті қазіргі сөздікте «кептірілген жидек» деген жаңа мағынасы да бар.

Қазіргі сөздік жазбаларынан көріп отырғанымыздай, сөздердің көпмағыналығы мен омонимиясы қазіргі қазақ тілінде де орын алады. Дегенмен қазіргі қазақ тілінде бұл сөздің семантикасы едәуір кеңейіп, көпмағыналықтың біршама лексика-семантикалық варианттары мен лексеманың ауыспалы және омонимдік мағыналары пайда болған.

Сөздікте сонымен қатар, мағынасы ескірген немесе қазіргі қолданыста жоқ сөздер де кездеседі. Бұл, әрине, табиғи жағдай, өйткені аталмыш сөздік лексикасы XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басындағы қазақ тілінде сөйлеушілерге тән лексемаларды белгілейді [3, 77-б.]. Мысалы сөздікте: *Айкел портмоне, кошелекь для денегь* (ақшаға арналған әмиян) [4, 27-б.], *Асет июль мѣсяць* (шілде айы) [4, 29-б.], *Атеке – дедушка* (*такъ зовутъ стариковъ*) [4, 29-б.], *Дәбрүй кибитка с короткими унинами* – (қысқа уықтардан құралған үй) [4, 53-б.], *Жәўке – обявленіе. Жәўкеге шык* (*быть обявленнымъ, извѣстнымъ*) [4, 74-б.] сөздері кездеседі.

Тілдің даму процесінде оның фонетикалық, грамматикалық және лексикалық жүйелерінде әртүрлі өзгерістер орын алады. Тіл деңгейінің өзгеріске ұшырайтын басым бөлігі оның лексикасы болып табылады. Ол осы тілді қолданушылар мен таратушылардың материалдық және рухани мәдениетінің дамуын көрсетеді. Осыған орай, тілдің лексикалық жүйесі үнемі байып, толығып отырады [17, 29-б.].

Қорытынды

Қазақ халқы ғасырлар бойы әртүрлі жазу жүйесін пайдаланып келді, алайда XIX ғасырдағы саяси өзгерістерге және мұқтаждыққа байланысты ғасырдың II жартысынан бастап қазақ мәдениетіне кирилл графикасы ене бастады. Осы кезде қазақ халқының ұлттық жазуының пайда болуы және жазу мәдениетінің көтерілуі сияқты жұмыстар жүргізіліп, қазіргі біздің тіл жазу жүйемізге ұласты деп айтуға болады.

Сонымен қатар, қазақ тіліне қатысты лексикографиялық жұмыстар қолға алынып, екітілдік сөздіктер жарық көрді.

Мұндай екітілді сөздіктер, бір жағынан, сол кездегі қазақ тілінде сөйлеуші халықты, оның шаруашылығы мен мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін таныстырушы құрал болса, екінші жағынан, кейбір көне немесе жергілікті-аймақтық сөздердің мән-мағынасын ашуға қажетті еңбектер болып саналды.

Сөз етілген 1987 жылы Орынборда жарық көрген «Киргизско-русский словарь» XIX ғасыр соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ тілінің лексикалық құрылымының сол уақыттағы ерекшеліктерін көрсетеді. Сонымен қатар, зерттеу нысанына алынып отырған сөздіктегі көпмағыналы сөздер мен қазіргі қазақ тіліндегі сөздіктердің салыстырмалы талдауы сөздердің кейбір лексика-семантикалық варианттары сәйкес келетіндігін, яғни сөз мағыналарының сабақтастығы орын алатынын көрсетті. Талдау барысында қазіргі қазақ тілінде көпмағыналы сөздердің лексика-семантикалық варианттары, мағыналық реңктері кеңірек екенін байқадық. Ал сөздіктегі кейбір лексемалар қазіргі таңда белсенді қолданыстан шығып, ескіріп қалуы да қазақ тілінің сөздік қорының тарихи дамуының көрсеткіші болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Шаймердинова Н.Г., Болдрикова А. Многозначность лексем в кириллическом «киргизо-русском словаре» (1897 г.) и в современном литературном казахском языке // Педагогическое образование на Алтае. – 2018. – №2. – С. 171–176.
2. Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейсов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы: оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 1968. – 238 б.
3. Шаймердинова Н.Г. «Киргизско-русский словарь» (1897): культурные и языковые экспликации // *Turkic Studies Journal*. – 2019. – №1. – С. 73–88.
4. Киргизско-русский словарь / Сост. по материалам Н.И. Ильминского и др. – Оренбург: Типо-литография Б.А. Бреслина, 1897. – 244 с.
5. Белошапкова В.А., Брызгунова Е.А., Земская Е.А. Современный русский язык: Учеб. для филол. спец. университетов / под ред. В.А. Белошапковой. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Высшая школа, 1989. – 800 с.
6. Зализняк А.А. Многозначность в языке и способы ее представления. – М.: Языки славянских культур, 2006. – 672 с.
7. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993. – 496 б.
8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том. / құраст.: Ж. Манкеева, С. Бизақов, Ә. Жүнісбек және т.б. – Алматы: Тіл білімі институты, 2011. – 752 б.
9. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-том. / құраст.: Т. Жанұзақов, С. Омарбеков, Ә. Жүнісбек және т.б. – Алматы: Арыс, 2006. – 752 б.
10. Ысқақов А., Сыздықова Р., Сарыбаев Ш. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966. – 240 б.
11. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / жалпы ред. басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-пресс, 2008. – 968 б.
12. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан). – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 412 б.
13. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том. / құраст.: Ф. Қалиев, С. Бизақов, О. Нақысбеков және т.б. – Алматы: Тіл білімі институты, 2011. – 744 б.
14. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5-том / құраст.: Б. Әбілқасымов, С. Бизақов, Ә. Жүнісбеков және т.б. – Алматы: Тіл білімі институты, 2011. – 752 б.
15. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 15-том / құраст.: А. Жаңабекова, Т. Жанұзақ, Б. Әбілқасымов және т.б. – Алматы: Тіл білімі институты, 2011. – 828 б.
16. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 9-том. / құраст.: Ә. Ыбырайым, А. Жаңабекова, Қ. Рысбергенова және т.б. – Алматы: Тіл білімі институты, 2011. – 744 б.
17. Сағидолда Г., Жылқыбай Г., Құттымұратова Ы. Тұрмыстық лексиканың этномәдени мазмұны (қазақ, қарақалпақ, қырғыз тілдері материалдары бойынша) // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – №3(125). – Б. 20–36. <https://doi.org/10.47526/2022-3/2664-0686.02>
18. Мусаев К.М. Лексикология тюркских языков / отв. редактор А.А. Юлдашев. – М.: Наука, 1984. – 226 с.
19. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.

REFERENCES

1. Shaimerdinova N.G., Boldrikova A. Mnogoznachnost leksem v kirillicheskom «kirgizo-russkom slovare» (1897 g.) i v sovremennom literaturnom kazahskom iazyke [The polysemy of lexemes in the Cyrillic «Kyrgyz-Russian Dictionary» (1897) and in the modern literary Kazakh language] // *Pedagogicheskoe obrazovanie na Altae*. – 2018. – №2. – С. 171–176. [in Russian]
2. Balaqaev M., Syzdyqova R., Janpeisov E. Qazaq adebi tilinin tarihy: oqu quraly [History of the Kazakh literary language: textbook]. – Almaty: Mektep, 1968. – 238 b. [in Kazakh]
3. Shaimerdinova N.G. «Kirgizsko-russkiy slovar» (1897): kulturnye I iazykovye eksplikacii [Kirghiz-Russian Dictionary (1897): cultural and linguistic explications] // *Turkic Studies Journal*. – 2019. – №1. – S. 73–88. [in Russian]
4. Kirgizsko-russkiy slovar [Kyrgyz-Russian Dictionary] / Sost. po materialam N.I. Iminskogo i dr. – Orenburg: Tipo-litografiia B.A. Breslina, 1897. – 244 s. [in Russian]

5. Beloshapkova V.A., Bryzgunova E.A., Zemskaya E.A. *Sovremennyy russkiy iazyk: Ucheb. dlia filol. spec. Universitetov* [Modern Russian: Textbook for philological specialties of universities] / pod red. V.A. Beloshapkovoi. – 2-e izd., ispr. i dop. – M.: Vysshaya shkola, 1989. – 800 s. [in Russian]
6. Zalizniak A.A. *Mnogoznachnost v iazyke i sposoby ee predstavleniia* [Polysemy in the language and ways of its representation]. – M.: Iazyki slavianskikh kultur, 2006. – 672 s. [in Russian]
7. Ahanov K. *Til biliminin negizderi* [Fundamentals of Linguistics]. – Almaty: Sanat, 1993. – 496 b. [in Kazakh]
8. *Qazaq adebi tilinin sozdigi* [Dictionary of the Kazakh literary language]. On bes tomдық. 11–tom. / qurast.: J. Mankeeva, S. Bizaqov, A. Junisbek jane t.b. – Almaty: Til bilimi instituty, 2011. – 752 b. [in Kazakh]
9. *Qazaq adebi tilinin sozdigi* [Dictionary of the Kazakh literary language]. On bes tomдық. 1-tom / qurast.: T. Januzaqov, S. Omarbekov, A. Junisbek jane t.b. – Almaty: Arys, 2006. – 752 b. [in Kazakh]
10. Ysqaqov A., Syzdyqova R., Sarybaev Sh. *Qazaq tilinin qysqasha etimologiialyq sozdigi* [A short etymological dictionary of the Kazakh language]. – Almaty: Gylym, 1966. – 240 b. [in Kazakh]
11. *Qazaq tilinin tusindirme sozdigi* [Explanatory dictionary of the Kazakh language] / jalpy red. basqargan T. Januzaqov. – Almaty: Daik-press, 2008. – 968 b. [in Kazakh]
12. Syzdyqova R. *Sozder soileidi (sizderdin qoldanyly tarihyndan)* [Words speak (from the history of the use of words)]. – Almaty: El-shejire, 2014. – 412 b. [in Kazakh]
13. *Qazaq adebi tilinin sozdigi* [Dictionary of the Kazakh literary language]. On bes tomдық. 2-tom. / qurast.: G. Qaliev, S. Bizaqov, O. Naqysbekov jane t.b. – Almaty: Til bilimi instituty, 2011. – 744 b. [in Kazakh]
14. *Qazaq adebi tilinin sozdigi* [Dictionary of the Kazakh literary language]. On bes tomдық. 5-tom / qurast.: B. Abilqasymov, S. Bizaqov, A. Junisbekov jane t.b. – Almaty: Til bilimi instituty, 2011. – 752 b. [in Kazakh]
15. *Qazaq adebi tilinin sozdigi* [Dictionary of the Kazakh literary language]. On bes tomдық. 15-tom / qurast.: A. Janabekova, T. Januzaq, B. Abilqasymov jane t.b. – Almaty: Til bilimi instituty, 2011. – 828 b. [in Kazakh]
16. *Qazaq adebi tilinin sozdigi* [Dictionary of the Kazakh literary language]. On bes tomдық. 9-tom. / qurast.: A. Ybyraim, A. Janabekova, Q. Rysbergenova jane t.b. – Almaty: Til bilimi instituty, 2011. – 744 b. [in Kazakh]
17. Sagidolda G., Jylqybai G., Quttymuratova Y. *Turmystyq leksikanyn etnomadeni mazmuny (qazaq, qaraqalpaq, qyrgyz tilderi materialdary boiynsha)* [Ethnocultural Content of Household Vocabulary (Based on the Materials of Kazakh, Karakalpak, Kyrgyz Languages)] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2022. – №3(125). – B. 20–36. <https://doi.org/10.47526/2022-3/2664-0686.02> [in Kazakh]
18. Musaev K.M. *Leksikologiya tiurkskikh iazykov* [Lexicology of the Turkic languages] / otv. redaktor A.A. Iuldashev. – M.: Nauka, 1984. – 226 s. [in Russian]
19. Orazov M. *Qazaq tilinin semantikasi* [Semantics of the Kazakh language]. – Almaty: Rauan, 1991. – 216 b. [in Kazakh]